

Кәсіптік стандарт: «Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қызмет»

1-ші тарау. Жалпы ережелер

1. Кәсіптік стандарттың қолдану аясы: "Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қызмет" кәсіптік стандарты (бұдан әрі – кәсіптік стандарт) жастар жұмысын жүзеге асыру және оның дамуын жоспарлау үшін қажетті қызметкерлердің құзыреттерін бағалауға арналған. Кәсіптік стандарт "Кәсіптік біліктілік туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 5-тармағына сәйкес әзірленді және білім беру бағдарламаларын қалыптастыруға, оның ішінде кәсіпорындарда персоналды оқытуға, білім беру ұйымдарының қызметкерлері мен түлектерінің кәсіби біліктілігін тануға және ұйымдар мен кәсіпорындарда персоналды басқару саласындағы кең ауқымды міндеттерді шешуге қойылатын талаптарды анықтайды.

2. Осы кәсіптік стандартта мынадай терминдер, анықтамалар мен қысқартулар қолданылады:

1) білім – кәсіптік міндет шеңберінде іс-әрекеттерді орындау үшін қажетті зерделенген және меңгерілген ақпарат;

2) дағды – кәсіптік міндетті толығымен орындауға мүмкіндік беретін білім мен машықты қолдану қабілеті;

3) информалды білім – білім беру ұйымдарынан және білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдардан тыс күнделікті қызмет барысында алынатын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат берілмей жүргізілетін білім беру түрі;

4) кәсіп – жеке адам жүзеге асыратын және орындалуы үшін белгілі бір біліктілікті талап ететін қызмет түрі;

5) кәсіптік біліктілік – кәсіп бойынша еңбек функцияларын орындау үшін талап етілетін құзыреттерді меңгеруді сипаттайтын кәсіптік даярлық дәрежесі;

6) кәсіптік біліктілікті тану – кандидаттың кәсіптік стандарттардың талаптарына, ал олар болмаған кезде біліктілік талаптарына сәйкестігін бағалау және ол туралы шешім қабылдау рәсімі;

7) кәсіптік стандарт – формалды және (немесе) формалды емес, және (немесе) информалды білім беру ескеріле отырып, білімге, машыққа, дағдыға, жұмыс тәжірибесіне, біліктілік деңгейі мен құзыреттілікке, кәсіптік қызметтің нақты бір саласындағы еңбек мазмұнына, сапасына және жағдайларына қойылатын жалпы талаптарды белгілейтін жазбаша ресми құжат;

8) Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіптер сыныптаушы – Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын кәсіптердің атауларын көрсететін және оларды орындалатын жұмыстардың түріне сәйкес дағды деңгейі мен оған мамандану бойынша сыныптайтын стандарттау жөніндегі құжат;

9) құзырет – еңбек функциясын құрайтын бір немесе бірнеше кәсіптік міндетті орындауға мүмкіндік беретін дағдыны қолдану қабілеті;

10) машық – кәсіптік міндет шеңберінде жекелеген бірлі-жарым іс-әрекетті физикалық тұрғыдан және (немесе) ақыл-оймен орындау қабілеті;

11) формалды емес білім беру – оқыту орны, мерзімдері мен нысаны ескерілмей, білім беру қызметтерін ұсынатын ұйымдар жоспарлаған, ұйымдастырған және жүзеге асыратын және оқыту нәтижелерін растаушы құжат беріле отырып жүргізілетін білім беру түрі.

3. Осы кәсіптік стандартта мынадай қысқартулар қолданылады

1) БА – басшылар лауазымдарының біліктілік анықтамалығы;

2) БТБА – бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығы;

3) ЖРО – жастар ресурстық орталығының;

4) СБШ – салалық біліктілік шеңбері;

5) ЭҚЖЖ – экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші.

2-ші тарау. Кәсіптік стандарттың паспорты

4. Название профессионального стандарта: Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы қызмет

5. Кәсіптік стандарттың коды: М74909049

6. ЭҚЖЖ секциясын, бөлімін, тобын, сыныбын және кіші сыныбын көрсету:

М Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

74 Өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

74.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

74.90 Басқа топтамаларға енгізілмеген кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

74.90.9 Басқа топтамаларға енгізілмеген өзге де кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет

7. Краткое описание профессионального стандарта: Мемлекеттік жастар саясаты саласындағы жастармен жұмысты ұйымдастыруды, жастарға кеңес беруді және жастарға арналған іс-шараларды өткізуді қамтиды.

8. Кәсіптер карточкаларының тізімі:

1) Жастармен жұмыс жөніндегі маман - 5 уровень ОРК

2) Орталықтың директоры (меңгерушісі) (жастарға ақпарат, жастарға консультативтік қызметтер, жастарға әлеуметтік-психологиялық көмек) - 7 уровень ОРК

3-ші тарау. Кәсіптер карточкалары

9. Кәсіптің карточкасы «Жастармен жұмыс жөніндегі маман»:			
Топтың коды:	3412-0		
Қызмет атауының коды:	3412-0-003		
Кәсіптің атауы:	Жастармен жұмыс жөніндегі маман		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	5		
подуровень квалификации по ОРК:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	-		
Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: орта білімнен кейінгі (қолданбалы бакалавриат)	Мамандық: Өнер	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Гуманитарлық ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Әлеуметтік ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: ТжКБ (орта деңгейдегі маман)	Мамандық: Бизнес және басқару	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:	3412-0-005 - Әлеуметтік жұмыс жөніндегі маман		
Қызметтің негізгі мақсаты:	Мемлекеттік жастар саясатын іске асыру, жастарға қызмет көрсету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. Жастарды ақпараттандыруды және оларға консультация беруді қамтамасыз ету 2. Білім беру бағдарламалары арқылы жастардың дамуына ықпал ету 3. ЖРО-ға жүгінген тұлғалардың қажеттіліктерін зерделеу, жастардың қажеттіліктері мен үміттерін анықтау 4. Жастарға арналған жобаларды әзірлеу, іске асыру және бағалау	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: Жастарды ақпараттандыруды және оларға консультация беруді қамтамасыз ету	Дағды 1: Жастарға консультация беру	Машықтар:	
		1. Жастарға бастапқы консультация берумен айналысу, қажет болған жағдайда жастарды мамандарға, уәкілетті мемлекеттік органдарға және өзге де ұйымдарға жіберу; 2. Жастарға сенімді және жүйелі ақпарат беру; 3. Жастармен жұмыс істеу үшін қажетті коммуникативтік дағдыларды меңгеру	

		Білімдер: 1. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 2. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы; 3. "Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 444 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19619 тіркелген); 4. Жастарға арналған мемлекеттік қолдау шаралары туралы өзекті ақпаратты білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Еңбек функциясы 2: Білім беру бағдарламалары арқылы жастардың дамуына ықпал ету	Дағды 1: Жастар үшін оқыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу	Машықтар:
		1. Оқыту іс-шараларын ұйымдастыру және өткізу; 2. Дайын білім беру материалдарын пайдалану және бейімдеу; 3. Топтық басқару және фасилитация, тәлімгерлік дағдылары; 4. Жастарға көрсетілетін қызметтердің сапасын жақсарту үшін қажеттілік сауалнамалары мен кері байланыс сауалнамаларын жүргізу.
		Білімдер: 1. Жастардың әртүрлі жас топтарының психологиялық және әлеуметтік ерекшеліктерін білу; 2. Белсенді тыңдау мен вербалды емес қарым-қатынастың әртүрлі формалары мен элементтерін білу; 3. Бейресми білім беру әдістерін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Еңбек функциясы 3: ЖРО-ға жүгінген тұлғалардың қажеттіліктерін зерделеу, жастардың қажеттіліктері мен үміттерін анықтау	Дағды 1: Жастарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша жоспар әзірлеу	Машықтар:
		1. Жастардан кері байланыс алу арқылы жастардың ақпараттық қажеттіліктерін анықтау; 2. Ақпаратты/деректерді жинау, өңдеу және талдау дағдылары; 3. Бағалау нәтижелерімен жұмыс істеу қабілеті және рефлексия жүргізу.
		Білімдер: 1. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 2. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы; 3. "Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 444 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19619 тіркелген); 4. Деректерді жинауға арналған сауалнама технологияларын білу; 5. Деректерді талдаудың теориясы мен негізгі әдістерін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Еңбек функциясы 4: Жастарға арналған		

жобаларды әзірлеу, іске асыру және бағалау	Дағды 1: Басқарушылық тәсілдерді, цифрлық технологияларды пайдалана отырып, жастарға арналған жобаларды ұйымдастыру, әзірлеу	Машықтар: 1. Ұйымдастырушылық басқару және ұйымның саясаты мен бағдарламасын дамыту, мониторинг және бағалау; 2. Ақпаратты/деректерді жинау, өңдеу және талдау дағдылары; 3. Аудиториямен жұмыс істеу қабілеті; 4.Көшбасшылық, делегация, жоспарлау, жәрдемдесу, коммуникация; 5.Қаржылық менеджмент, адам ресурстарын басқару және дамыту, қаражат жинау, коммуникация, мүдделерді қорғау, желі құру.	
		Білімдер: 1. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 2. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы; 3. "Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 444 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19619 тіркелген); 4. Жоба және ресурстарды басқару негіздерін білу; 5. Деректерді талдаудың теориясы мен негізгі әдістерін білу. 6. Ақпараттық, коммуникациялық және әлеуметтік медиа құралдарын білу.	
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады	
	Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бастамашылық Жауапкершілік Тиімділік Шығармашылық Коммуникативтілік Икемділік Өзін-өзі дамыту Білімдарлық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-		
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:	
	5	Әлеуметтік қызметкер	
	5	Әлеуметтік жұмыс жөніндегі қызметкер	
10. Кәсіптің карточкасы «Орталықтың директоры (меңгерушісі) (жастарға ақпарат, жастарға консультативтік қызметтер, жастарға әлеуметтік-психологиялық көмек)»:			
Топтың коды:	1210-0		
Қызмет атауының коды:	1210-0-020		
Кәсіптің атауы:	Орталықтың директоры (меңгерушісі) (жастарға ақпарат, жастарға консультативтік қызметтер, жастарға әлеуметтік-психологиялық көмек)		
СБШ бойынша біліктілік деңгейі:	7		
подуровень квалификации по ОРК:			
БТБА, БА, үлгілік біліктілік сипаттамалары бойынша біліктілік деңгейі:	"Ақпарат, діни қызмет, азаматтық қоғам, жастар және отбасы саласындағы азаматтық қызметшілер лауазымдарының тізілімін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 11 қазандағы № 394 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19478 тіркелген)		

Кәсіптік білім деңгейі:	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Гуманитарлық ғылымдар	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Өнер	Біліктілік: -
	Білім деңгейі: жоғары оқу орнынан кейінгі білім (магистратура, резидентура)	Мамандық: Бизнес және басқару	Біліктілік: -
Жұмыс тәжірибесіне қойылатын талаптар:			
Формалды емес және информалы біліммен байланыс:	Қажет емес		
Кәсіптің басқа ықтимал атаулары:			
Қызметтің негізгі мақсаты:	Ұйым мен барлық деңгейдегі мемлекеттік органдар арасындағы ынтымақтастықты қамтамасыз ету		
Еңбек функциялардың сипаттамасы			
Еңбек функцияларының тізбесі:	Міндетті еңбек функциялары:	1. ЖРО жұмысын басқару және ұйымдастыру 2. Жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың жұмысын үйлестіру және олардың құзыреттерін арттыру 3. Жастар жұмысын дамыту және жастар жұмысының сапасын арттыруға жәрдемдесу	
	Қосымша еңбек функциялары:		
Еңбек функциясы 1: ЖРО жұмысын басқару және ұйымдастыру	Дағды 1: ЖРО қызметін ұйымдастыру	Машықтар:	
		1. ЖРО қызметіне басшылық жасау және оның жұмысының нәтижелері үшін жауапты болу; 2. Өңірлік қажеттіліктер мен ерекшеліктерді ескере отырып, жастардың өзекті сұраныстары негізінде ЖРО дамытудың перспективалық жоспарларын әзірлеуді ұйымдастыру және қамтамасыз ету; 3. Іс-шараларға және кездесулерге қатысу, тәжірибе алмасу мақсатында басқа ЖРО басшыларымен өзара іс-қимыл жасау; 4. ЖРО қызметтері туралы халықты хабардар етуді ұйымдастыру мақсатында іскерлік келіссөздер жүргізу және көпшілік алдында сөз сөйлеу әдістерін қолдану, әлеуметтік әріптестермен іскерлік қатынастар орнату; 5. Жаңа техника мен технологияларды, еңбекті басқару мен ұйымдастырудың прогрессивті түрлерін қолдану; 6. ЖРО мамандары үшін қауіпсіз және салауатты еңбек жағдайларын жасау, ұжымда қолайлы психологиялық ахуалды сақтау мәселелерін шешу; 7. ЖРО-ның қаржы-шаруашылық қызметіне басшылық жасау.	

		Білімдер: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы; 2. Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі; 3. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 4. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы; 5. "Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 444 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19619 тіркелген); 6. ЖРО қызметі мен мамандану ерекшеліктерін білу.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Еңбек функциясы 2: Жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың жұмысын үйлестіру және олардың құзыреттерін арттыру	Дағды 1: Жастармен жұмыс жөніндегі мамандардың жұмысын ұйымдастыру	Машықтар: 1. Мемлекеттік жастар саясатын іске асырудың белсенді шараларын ұйымдастыруды жоспарлау; 2. Еңбек және өндірістік тәртіпті нығайту бойынша жұмыстар жүргізу; 3. Көрсетілетін қызметтердің сапасын бақылау; 4. Операциялық және перспективалық жоспарлау қағидаттарын, мониторинг және бақылау дағдыларын қолдану; 5. Тиімді жобалық менеджмент дағдыларын меңгеру; 6. Қызметкердің біліктілік деңгейін жетілдіру бойынша жоспарларды әзірлеу дағдыларын меңгеру; 7. Қызметкерлерге білім беру бағдарламаларын әзірлеу, тренингтер мен білім беру іс-шараларын өткізу. Білімдер: 1. Қазақстан Республикасының Конституциясы; 2. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 3. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы; 4. "Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 444 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19619 тіркелген); 5. ЖРО қызметі мен мамандану ерекшеліктерін білу. 6. Оқытуды жүргізудің теориясы мен әдістемесі (оқыту стилі, қалауы және т.б.); 7. Бейресми білім беру әдістерін білу; 8. Бейресми оқытуды бағалау (процестерді, бағалау механизмдері мен құралдарын білу); 9. ҚР іс қағаздарын жүргізу және ҚР мен ұйымның басқа да заңнамалық актілерінің теориясы.
	Дағдыны тану мүмкіндігі:	ұсынылады
Еңбек функциясы 3: Жастар жұмысын дамыту және жастар жұмысының сапасын арттыруға жәрдемдесу		

	Дағды 1: Жастарға көрсетілетін қызметтердің сапасын арттыру бойынша жоспар әзірлеу	Машықтар: 1. ЖРО-ның стратегиялық құжаттары мен даму жоспарларын әзірлеу; 2. Мамандардың лауазымдық нұсқаулықтарын орындауын, сапасы мен мерзімі бойынша құжаттардың орындалуын бақылауды жүзеге асыру; 3. Көрсетілетін қызметтердің сапасына мониторинг жүргізу; 4. Жобаны басқарудың тиімді әдістерін қолдану.
		Білімдер: 1. "Мемлекеттік жастар саясаты туралы" Қазақстан Республикасының Заңы; 2. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік жастар саясатының 2023 – 2029 жылдарға арналған тұжырымдамасын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы № 247 қаулысы; 3. "Жастар ресурстық орталықтары туралы үлгілік ережені бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрінің 2019 жылғы 19 қарашадағы № 444 бұйрығы (Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19619 тіркелген); 4. ЖРО қызметі мен мамандану ерекшеліктерін білу; 5. Шешімдерді басқару теориясы мен дағдылары; 6. Менеджмент теориясы және ұйымдастырушылық психология негіздері; 7. Өкілеттілікті табыстау, жоспарлау, мониторинг және бақылау теориясы.
		Дағдыны тану мүмкіндігі:
Жеке құзыреттерге қойылатын талаптар:	Бастамашылық Жауапкершілік Тиімділік Шығармашылық Коммуникативтілік Икемділік Өзін-өзі дамыту Білімдарлық	
Техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың тізімі:	-	
СБШ -нің ішіндегі басқа кәсіптермен байланыс:	СБШ-нің деңгейі:	Кәсіптің атауы:
	7	Мекемелердің, ұйымдардың және кәсіпорындардың бірінші басшылары
	7	Орталық директоры

4-ші тарау. Кәсіптік стандарттың техникалық деректері

11. Мемлекеттік органның атауы:

Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі

Орындаушы:

Есекеева М.М., +7 (717) 274 05 08, m.esekееva@mki.gov.kz

12. Әзірлеуге қатысатын ұйымдар (кәсіпорындар):

Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті

Орындаушылар:

Есекеева М.М., +7 (717) 274 05 08, m.esekееva@mki.gov.kz

"Жастар" ғылыми-зерттеу орталығы" ЖШС

Орындаушылар:

Қайдарова Т.Қ., +7 (717) 227 04 36, t.kaidarova@eljastary.kz

13. Кәсіптік біліктілік жөніндегі салалық кеңес: 01-04/12 , 23.11.2023 ж.

14. Кәсіптік біліктілік жөніндегі ұлттық орган: 13.10.2023 ж.

15. «Атамекен» Қазақстан Республикасының Ұлттық кәсіпкерлер палатасы: 03.11.2023 ж.

16. Нұсқа нөмірі және шығарылған жылы: версия 1, 2023 ж.

17. Болжалды қайта қарау күні: 05.11.2026 ж.

